



«Алматы технологиялық университеті» АҚ

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

Іс-әрекет жөніндегі ереже

Жаппай ашық онлайн
курстарды әзірлеу туралы ереже

ХС ISO 9000:2015, ХС ISO 9001:2015,
ХС ISO 37001:2016, ХС ISO 27001:2022

АТУ-ЖИЦДО-ІӘЕ-7.5.1-2025-02

Енгізу күні: « 03 » 11 2025 ж.



БЕКІТЕМІН

«АТУ» АҚ ректоры

Т.К. Құлажанов

« 03 » 11 2025 ж.

Іс-әрекет жөніндегі ереже

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

Жаппай ашық онлайн курстарды әзірлеу туралы ереже

АТУ-ЖИЦДО-ІӘЕ-7.5.1-2025-02

КЕЛІСІЛГЕН

Бірінші проректор

Б.Қ. Нұрахметов

« 22 » 10 2025 ж.

Алматы, 2025

АЛҒЫ СӨЗ

Негізгі Ережені «АТУ» АҚ жасанды интеллект және цифрлық даму орталығы әзірледі.

Негізгі Ереженің бастапқы парағында Ректор қол қою арқылы бекітіледі және қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Негізгі Ереже «АТУ» АҚ оқытушылары мен қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

Негізгі Ереже АТУ-СЖАБ-ҚР-7.5-2023-02 ҚР-ге сәйкес әзірленді.

Негізгі Ережені АТУ-СЖАБ-ҚР-7.5-2023-02 ҚР-ге сәйкес ЖИЦДО директоры 3 жылдан аспайтын уақыт аралығымен ұдайы тексеріп отырады.

Негізгі Ережеге енгізілетін өзгерістер оны қолдану нәтижелеріне қарай немесе осы ереженің 4-тармағында көрсетілген талаптар өзгертілген жағдайда әзірленеді.

2024 жылдың 30 қазанында бекітілген АТУ-ИББТО-ІТЕ-7.5.1-2024-02 «Жаппай ашық онлайн курстары туралы ереже» күші жойылды деп есептелсін.

Мазмұны

Алғы сөз	2
1 Құжаттың атауы	4
2 Әзірлеуші	4
3 Құжатты әзірлеудің мақсаты	4
4 Нормативтік сілтемелер	4
5 Терминдер мен анықтамалар	5
7 Жалпы ережелер	7
8 ЖАОК құрылымына және мазмұнына қойылатын талаптар	8
9 ЖАОК-қа қойылатын техникалық талаптар	9
11 ЖАОК компоненттерін әзірлеу	10
12 ЖАОК-ты жүзеге асыру және сүйемелдеу	11
13 Жауапкершілік және өкілеттіктер	11
14 Процеске байланысты тәуекелдер және тәуекелдердің алдын алу әрекеттері	12
15 Құпиялылық	13
16 Қорытынды бөлім	13
Қосымша	14
Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-02-01 ЖАОК сипаттамасы мен құрылымы	14
Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-02-02 ЖАОК жұмыс бағдарламасы	15
Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-02-03 Өзіндік оқуға арналған материалдардың шаблонуы	18
Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-02-04 Бейне дәрісті жазуға арналған презентация үлгісі	19
Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-02-05 Тест тапсырмаларының үлгісі	20
Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-02-06 Тапсырмалардың түрлері	21
Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-02-07 ЖАОК бейнежазбасы бойынша ұсыныстар	23
Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-02-08 ЖАОК сүйемелдеу	24
Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-02-10 ЖАОК мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкестік критерийлері	26
Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-02-11 ЖАОК сапасын бағалау сараптамасы хаттамасының нысаны	28
17 Келісім парағы	29
18 Танысу парағы	29
19 Өзгертулерді тіркеу парағы	30
20 Мерзімді тексерулерді есепке алу парағы	30

1 ҚҰЖАТТЫҢ АТАУЫ

1.1 «Жаппай ашық онлайн курстарды әзірлеу туралы ереже» АТУ-ЖИЦДО-ІӘЕ-7.5.1-2025-02.

2 ӘЗІРЛЕУШІ

2.1 Жасанды интеллект және цифрлық даму орталығы «АТУ» АҚ.

3 ҚҰЖАТТЫ ӘЗІРЛЕУДІҢ МАҚСАТЫ

3.1 Осы Ереже Coursera платформасында білім беру курстарының контентін құру бойынша нұсқаулық негізінде жасалып, профессор-оқытушылар құрамының жаппай ашық онлайн курстарды (ЖАОК) әзірлеуін реттеу, сондай-ақ ЖАОК әзірлеу процесін сүйемелдейтін қызметкерлердің жұмысын реттеу мақсатында әзірленген;

3.2 Білім беру мекемелерінің тарапынан күшейіп келе жатқан бәсекелестік жағдайында артықшылықтарды іске асыру;

3.3 ЖАОК әзірлеу кезінде ескерілуі тиіс негізгі қағидаттарды, стандарттарды және функционалдық мүмкіндіктерді анықтау;

3.4 Оқушылардың орналасқан жеріне қарамастан білімге қолжетімділікті арттыру;

3.5 Бағдарламаларды барынша ыңғайлы түрде меңгеруге мүмкіндік беру арқылы оқушылар контингентін арттыру;

3.6 Заманауи компьютерлік технологиялар мен оқу құралдарын енгізу арқылы оқушыларды даярлау сапасын арттыру.

4 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

4.1 ХС ISO 9001:2015 «Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар»;

4.2 ХС ISO 9000:2015 Сапа менеджменті жүйесі. Негіздер және сөздік;

4.3 ХС ISO 37001:2016 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқару жүйесі;

4.4 ISO 27001:2022 «Ақпараттық қауіпсіздік, киберқауіпсіздік және жеке деректерді қорғау - Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйелері - Талаптар».

4.5 Жасанды интеллектті дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысы.

4.6 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде жасанды интеллектті қолдануға арналған жоғары оқу орындары аралық стандарт;

4.7 UNESCO. AI and Education: Guidance for Policy-makers. Paris: UNESCO, 2021;

4.8 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы. (16.09.2025 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен);

4.9 Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек кодексі (16.09.2025 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен);

4.10 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы (31.08.2025 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен);

4.11 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы «Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (21.05.2024 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен);

4.12 Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі әзірлеген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларына жаппай ашық онлайн курстарды пайдалану және енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар;

4.13 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 28916 болып тіркелген);

4.14 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың

кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (26.03.2025 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен);

4.15 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 322 бірлескен бұйрығы. 2023 жылғы 27 қазанда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 33580 болып тіркелген «Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы»;

4.16 Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ «Құқықтық актілер туралы» (31.08.2025 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен);

4.17 2023 жылғы 25 қыркүйектегі №12 Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген сапа саласындағы саясат.

4.18 26.01.2022 жылғы «АТУ» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – әрекет саясаты;

4.19 АТУ-СЖАБ-ҚР-5.2-2022-06 «Ақпараттық қауіпсіздік саясаты»;

4.20 «Құжатталған ақпарат» құжатталған процедура АТУ-СЖАБ-ҚР-7.5-2023-02;

4.21 «Құжаттандыру және құжаттаманы басқару ережелері» АТУ-К-ІЖЕ-7.5.1-2024-01;

4.22 «Тәуекелдерді басқару» құжатталған рәсімі АТУ-СЖАБ-ҚР-6.1-2024-10;

4.23 «Алматы технологиялық университеті» АҚ жарғысы;

4.24 Ішкі еңбек тәртібі ережелері АТУ-СЖАБ-ҚР-7.1.2-2022-01-02;

4.25 Ректордың бұйрықтары мен өкімдері;

4.26 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау» сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің құжатталған рәсімі АТУ-ҚҚЕЖСЖҚІБ-ҚР-4.5-2025-05;

4.27 2019 жылғы 30 қыркүйектегі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін цифрлық ұрпаққа бейімдеу тұжырымдамасы;

4.28 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім сапасын ішкі қамтамасыз етуге арналған стандарттарға нұсқаулық АТУ-СЖАБ-НС-5.3-2024-29.

5 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Термин	Анықтама
Ақпараттық ресурстар	Ақпарат көздері мен тұтынушылары арасында идеяларды, білімді, деректерді, оларды жинақтау, сақтау және алмасу әдістері мен құралдарын қамтитын формалданған жиынтық.
Аралас оқыту	Оқыту түрі, дәстүрлі оқу формасы мен аралас оқыту технологияларын қолдану арқылы өткізіледі.
Білім алушылар	Бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша оқитын тұлғалар.
Білім беру аналитикасы (Learning Analytics)	Оқытуды жақсарту және шешім қабылдауды қолдау үшін оқушылар мен оқу ортасы туралы деректерді жинау, талдау және интерпретациялау процесі.
Жаппай ашық онлайн курс (Massive Open Online Course, MOOC)	Интернет арқылы ашық қолжетімділікпен және жаппай интерактивті қатысумен жүзеге асырылатын, электрондық оқыту технологияларын қолданатын білім беру курсы.
Жасанды интеллектті қолданудың этикасы және қауіпсіздігі	Жасанды интеллектті білім беру саласында қолдану кезінде оқушылар мен қызметкерлердің құқықтарын қорғауды, ашықтықты, жауапкершілікті және кемсітушіліктің алдын алуды қамтамасыз етуге бағытталған қағидалар мен нормалар жиынтығы.
Инновациялық технологиялар	Білім беру және ғылыми процестерде жаңалықтарды жүзеге асыру мен енгізуді қамтамасыз ететін әдістер мен құралдар жиынтығы.

Құжатталған ақпарат	Ұйым басқаруы және қолдауы тиіс ақпарат және ол қамтылған орта.
Қашықтықтан оқыту	Оқу процесі қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып жүзеге асырылатын, оқушылардың белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуін және оларды растауын қамтамасыз ететін жүйе.
Құрылымдық бөлімше	Ұйымдастыру жағынан – заңды тұлғаның бөлінген бөлігі және осы бөлікке байланысты қызметкерлердің еңбек міндеттерін орындау үшін белгіленген шеңбердегі жауапкершіліктерді орындауға жауап береді.
Мамандық	Белгілі бір дағдыны меңгеруге көмектесетін курстар сериясы.
Оқыту нәтижелері	Білім алушының оқу бағдарламасын игеру нәтижесінде көрсететін білім көлемі, дағдылары, шеберлігі, құндылықтар мен қарым-қатынастардың қалыптасуын растайтын процесс.
Сыбайлас жемқорлық тәуекелі	Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайлардың пайда болу ықтималдығы.
Сапа менеджменті жүйесі	Сапаға бағытталған менеджмент жүйесінің бір бөлігі.
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі	ISO 37001:2016 халықаралық стандарты.
Сертификат	Жаппай ашық онлайн курсты сәтті аяқтағаны туралы құжат.
Сараптама	Мазмұнды және әдістемелік-технологиялық сараптаманың кешенді бағасы.
Тыңдаушы	Материалды қашықтықтан оқып жатқан физикалық тұлға.

6 ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

Қысқарту	Толық атауы
«АТУ» АҚ	«Алматы технологиялық университеті» акционерлік қоғамы
АТУ-СЖАБ-ҚР-7.5-2023-02	Құжатталған процедура «Құжатталған ақпарат»
АТУ-ҚҚЕЖСЖҚІБ-ҚР-4.5-2025-05	«Алматы технологиялық университеті» акционерлік қоғамының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау» құжатталған рәсімі
АТУ-СЖАБ-ҚР-6.1-2024-10	«Тәуекелдерді басқару» құжатталған рәсім
АТУ-СЖАБ-ҚР-5.2-2022-06	«Ақпараттық қауіпсіздік саясаты» құжатталған рәсім
АТУ-К-ІЖЕ-7.5.1-2024-01	«Құжаттандыру және құжаттаманы басқару ережелері»
АТУ-СЖАБ-ҚР-7.1.2-2022-01-02	«Ішкі еңбек тәртібі» ережелері
АТУ-СЖАБ-НС-5.3-2024-29	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім сапасын ішкі қамтамасыз етуге арналған стандарттарға нұсқаулық
АҚБЖ	Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі
АжСБ	Аккредиттеу және сапаны басқару
ӘК	Әдістемелік кеңес
БСББ	Білім сапасын басқару бөлімі
ЖАОК	Жаппай ашық онлайн курстар

ЖИТДБ	Жасанды интеллект технологияларын дамыту бөлімі
ЖИЦДО	Жасанды интеллект және цифрлық даму орталығы
ҚО	Қашықтықтан оқыту
ҚР	Құжатталған рәсім
ҚР ҒЖЖБМ	Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі
ҚБЕ	Құрылымдық бөлімшенің ережесі
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚБ	Құрылымдық бөлім
ҚКЕЖСЖҚІБ	Құқықтық қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл басқармасы
ҚО	Құзыреттілік орталығы
Осы ереже	«Жаппай ашық онлайн курстарды әзірлеу туралы ереже» АТУ-ЖИЦДО-ІӘЕ-7.5.1-2025-02
ОӘБ	Оқу-әдістемелік басқару
ПББ	Персоналды басқару бөлімі
ПОҚ	Профессор-оқытушылар құрамы
СҚКО	Студенттерге қызмет көрсету орталығы
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
СЖҚМЖ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі
ЦДБ	Цифрлық даму бөлімі
ЦББР	Цифрлық білім беру ресурсы
BMG UPSkill	Coursera-ның ҚР-дағы эксклюзивті серіктесі
Coursera	ЖАОК халықаралық білім беру платформасы
ISO	Халықаралық стандарттау ұйымы

7 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1 Жаппай ашық онлайн курс (ЖАОК) – бұл онлайн оқуға арналған курс, ол тақырыптық тұрғыдан байланысты видеолекциялар, қосымша оқу материалдары, презентациялар, тексеру тапсырмалары, сондай-ақ білім беру процесінің барлық қатысушыларының арнайы платформадағы форумдарда тұрақты қарым-қатынасын қамтамасыз етеді.

7.2 ЖАОК әзірлеу «АТУ» АҚ білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру аясында, сондай-ақ бейресми білім беру шеңберінде жүзеге асырылады.

7.3 Жаппай ашық онлайн курстардың көлемі мен параметрлері факультетте әзірленген білім беру бағдарламасына (жоғары немесе қосымша кәсіби білім беру) сәйкес анықталып, пәннің оқу мақсаттарына жетуге бағытталған.

7.4 Жаппай ашық онлайн курс **Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-02-01** формасына сәйкес сипаттама элементтерін қамтиды.

7.5 Оқу нәтижелері оқушылардың бөлімді немесе жалпы оқу процесін аяқтаған кезде меңгеруі тиіс құзыреттер мен дағдыларды сипаттайды.

7.6 Оқу нәтижелерін бағалау формативті (практикалық) тапсырмаларды және оқытушыдан кері байланысты қамтиды, бұл оқушыларға қорытынды бағалауға дайындалуға және материалды меңгеру сапасын арттыруға көмектеседі, сондай-ақ суммативті бағалау үшін тапсырмаларды қамтиды.

7.7 Оқудың мақсаттарын меңгеруді өлшеп, растау үшін әр аптада (модульде) суммативті бағалау тапсырмаларын жоспарлау ұсынылады.

7.8 Курстың сипаттамасына осы курстың кімдерге арналғанын, мақсатты аудиторияны қосу ұсынылады; пререквизиттерді, яғни курсты сәтті аяқтау үшін мақсатты аудиторияның қандай алдын ала білімі мен тәжірибесі болуы керектігін және оқу нәтижелерін көрсету ұсынылады.

7.9 ЖАОК мазмұны үшін жауапкершілік курстың авторына жүктеледі.

7.10 «АТУ» АҚ ЖАОК авторларының жеке мүліктік емес құқықтарын қамтамасыз етеді. ЖАОК авторларының айрықша мүліктік құқықтары жеке келісімшарт негізінде ЖАОК авторларынан «АТУ» АҚ-ға берілуі тиіс.

8 ЖАОК ҚҰРЫЛЫМЫНА ЖӘНЕ МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

8.1 Әрбір курс 4-тен 6 аптаға дейінгі модульдерден тұрады.

8.2 Әр модульде кемінде 4 оқу нәтижесі болуы керек, олар негізгі құзыреттерге қол жеткізуге бағытталған. Әр модульдің соңында оқушылардың меңгерген білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік беретін практикалық тапсырма ұсынылады. Сондай-ақ, әр модуль аясында платформаның пікірталас форумында тақырыпты талқылау үшін кемінде бір рет пікір алмасу жоспарланады, бұл сыни ойлауды дамытуға және қатысушылар арасындағы білім алмасуға ықпал етеді.

8.3 Курс аптасы материалды толық меңгеру үшін 3-тен 5 сағатқа дейін уақытты қажет етеді. Әр аптада 2-4 сабақ ұсынылады, әр сабақта 1-2 оқу нәтижесі қамтылады. Сондай-ақ, материалдарды меңгеруді бекіту үшін 10-нан астам практикалық сұрақтар қарастырылған.

8.4 Әр апта сайын бір суммативті тапсырма өткізіледі, бұл оқушылардың оқу материалын түсіну деңгейі мен прогресін бақылауға көмектеседі. Бейнематериалдардың жалпы ұзақтығы 30-дан 60 минутқа дейін, әрқайсысы кемінде 15 минут болатын шағын сегменттерге бөлінген (ұзақтығы мазмұнға және оқу нәтижелеріне байланысты). Бейнематериалдарды жазуға арналған презентациялар **Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-02-04** үлгісі бойынша ресімделеді.

8.5 Әр сабақтың ұзақтығы 30 минут. Сабақ аясында ұсынылатын бейнематериалдың ұзақтығы кемінде 15 минут, бұл ақпаратты тиімді меңгеруге ықпал етеді. Сондай-ақ, қатысушыларға өз бетімен оқуға арналған қосымша материалдар мен өткен материалды бекітуге арналған сұрақтар беріледі.

8.6 Курстың жалпы ұзақтығы 30 академиялық сағаттан аспауы тиіс, бұл оқушыларға ұсынылған материалды толық меңгеріп, қойылған білім беру мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Егер курстың мазмұны 30 академиялық сағаттан артық болса, кеңірек дағдыларды игеру үшін 3-тен 6 курсқа дейінгі мамандандырылған курстар сериясын жасау ұсынылады. 100 академиялық сағаттан асатын ЖАОК әзірлеуге жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беру пәндерінің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес рұқсат етіледі.

8.7 ЖАОК құрылымы, сабақтардың саны, бағалау түрлері, сондай-ақ сабақ компоненттерінің реті ЖАОК-тың ерекшеліктеріне және сипаттамаларына байланысты өзгеруі мүмкін. ЖАОК курсының құрылымы келесі түрде ұсынылады:

Модуль 1.	Тақырып 1	Блок 1. Бейне дәріс
		Блок 2. Оқу материалы
		Блок 3. Бағалау
	Тақырып 2	Блок 1. Бейне дәріс
		Блок 2. Оқу материалы
		Блок 3. Бағалау
Тақырып 3	...	
Талқылауға арналған форум		
№1 модуль бойынша бағалау		
Модуль 2.	Тақырып 4	Блок 1. Бейне дәріс
		Блок 2. Оқу материалы
		Блок 3. Бағалау
	Тақырып 5	Блок 1. Бейне дәріс
Блок 2. Оқу материалы		
Блок 3. Бағалау		
...

	Талқылауға арналған форум
	№2 модуль бойынша бағалау
және т. б.	
Қорытынды бағалау	

9 ЖАОК - ҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

9.1 Бастапқы бейнематериал:

9.1.1 Түстің тереңдігі кемінде 8 бит;

9.1.2 Қысу - динамикалық сурет сапасынан кем емес кадрішілік;

9.1.3 Деректер ағымы (камерадан бастапқы бейне) кемінде 50 Mbit/s;

9.1.4 Деректер ағымы (платформаға жүктеу) кемінде 8 Mbit/s;

9.1.5 Сыртқы дисплейдің ажыратымдылығы кемінде 1920 x 1080 пиксель;

9.1.6 Стандартқа сәйкестігі кемінде 1080р үйлесімді;

9.1.7 Кадр жиілігі кемінде 24р;

9.2 Дыбыс:

9.2.1 Дискретизация жиілігі кемінде 48 кГц;

9.2.2 Кванттау, бит/есептеу кемінде 20;

9.2.3 Арналар саны кемінде 2;

9.3 Дайын материал / Контент келесі элементтерден тұрады:

9.3.1 Бейнеқатар;

9.3.2 Фото;

9.3.3 Анимациялық материалдар;

9.3.4 Инфографика;

9.4 ЖАОК бойынша жүктелген материалды талдау және жүктеу үшін барлық оқу материалдарына жарамды сілтеме берілуі тиіс.

9.5 Бейнемазмұнды өндіруге қойылатын талаптар:

9.5.1 Подкаст немесе сұхбат форматы болған жағдайда, әртүрлі бұрыштар мен жоспарларды қамтамасыз ету үшін екі немесе одан да көп камерамен көпкамерлі түсірілімді жүзеге асыру.

9.5.2 Түсірілім алаңындағы кадрларда жарықтың біркелкі бөлінуімен жеткілікті студиялық жарықтандыруды қамтамасыз ету.

9.5.3 Экрандағы түстердің дұрыс гаммасын реттеу және қажет болған жағдайда хромакеймен дұрыс жұмыс істеу.

9.5.4 Экранда артық заттардың болмауын қамтамасыз ету, кәсіби және таза визуалды көрініс жасау.

9.6 Контент сапасы:

9.6.1 Бейнематериалдардың, иллюстрациялардың, графикалық және фото суреттердің, қаріптік және қолмен салынған мәтіннің, анимация мен басқа материалдардың жоғары сапасын қамтамасыз ету.

9.6.2 Жақсы дикциямен, ойластырылған қарқынмен, сапалы фонымен және назар аударуды алаңдатпайтын жағымды музыкамен жоғары сапалы дыбыстық сүйемелдеуді қамтамасыз ету.

9.7 Контентті ресімдеу:

9.7.1 Экраннан материалды қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып, кадрларда мәтіндерді дұрыс орналастыру, материалды түсіну үшін анықтамалар, қағидалар немесе сұрақтарды ұсыну мүмкіндігімен.

9.7.2 Артық түстерден аулақ болу, кадрдағы шамадан тыс ашықтықты болдырмау үшін жұмсақ және үйлесімді түстерді қолдану, ең маңызды элементтерді ерекшелеу үшін ашық түстерді пайдалану ұсынылады

10 ЖАОК ДАЙЫНДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

10.1 Оқытушылар құрамына ЖАОК жұмыс бағдарламасын **Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-02-02** үлгісіне сәйкес кафедрада әзірлеп, бекіту қажет.

10.2 Бейне дәрістер түсірілімінде **Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-02-07** үлгісінде көрсетілген ұсыныстарды сақтау керек.

10.3 ЖАОК жоспарлау, сараптау және әзірлеу оқытушылар құрамымен жүзеге асырылады және ол оқу-әдістемелік жұмысқа енгізіледі.

10.4 ЖАОК іске қосар алдында барлық жүктелген элементтердің «АТУ» АҚ сапа стандарттарына сәйкестігі, авторлық құқық туралы заңдардың сақталуы, қолжетімділік және функционалдық нормаларына сәйкестігі, сондай-ақ мазмұнның дәлдігі, грамматикалық және орфографиялық дұрыстығы тексерілуі тиіс.

10.5 «АТУ» АҚ-да әзірленген ЖАОК міндетті түрде кафедра мен факультетте ішкі сараптамадан өтуі тиіс. ЖАОК сараптамасының мақсаты — «АТУ» АҚ-ның білім беру өнімдері ретінде ЖАОК сапасын және бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету. Сараптама барысында **Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-02-10** ЖАОК бағалау критерийлері қолданылуы мүмкін.

10.6 Ішкі және/немесе сыртқы сарапшылардың ЖАОК бағалау нәтижелері бойынша **Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-02-11** үлгісінде сараптама қорытындысы толтырылады. Сыртқы сарапшылардың әзірленген ЖАОК-ты қарау және сараптама қорытындыларын алу рәсімін «АТУ» АҚ анықтайды.

10.7 Автор цифрлық даму бөліміне кафедра хаттамасынан үзінді, ЖАОК-тың «АТУ» АҚ / Coursera және т. б. білім беру платформасында орналастыруға дайын екендігі туралы негізделген шешімі бар сараптамалық қорытынды ұсынады.

11 ЖАОК КОМПОНЕНТТЕРІН ӘЗІРЛЕУ

11.1 Өз бетінше оқу материалдары **Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-02-03** нысаны бойынша рәсімделеді және курс шеңберінде орындалатын бағаланбайтын тапсырмалардан тұрады. Олар модульдің ішіндегі басқа элементтермен бірге пайда болады. Өз бетінше оқу материалдарына мыналар кіреді:

11.1.1 оқу тапсырмалары;

11.1.2 дәрістер, студенттердің өздік жұмыстары (СӨЖ);

11.1.3 сыртқы көздерге сілтемелер;

11.1.4 диаграммалар, графиктер және басқа визуалды құралдар;

11.2 Әр бөлім үшін әр аптаның басында барлық тіркелген тыңдаушыларға тарату үшін көлемі 400-600 таңбадан тұратын хабарлама мәтіні құрастырылуы қажет.

11.3 Тесттер берілген шаблонға сәйкес ұсынылады (**Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-02-05** нысаны). Басқа тест тапсырмаларын қолданғанда, мысалы, математикалық өрнекті есептеу, суретке белгіні енгізу, электр схемаларын құрастыру сияқты тапсырмалар еркін нысанда ұсынылады.

11.4 Тапсырмаларда жиі келесі үш түрлі жауап нұсқаларын қамтитын сұрақтар қолданылады: көп жауап таңдау (бір немесе бірнеше жауап дұрыс), бинарлық жауап (ақиқат/жалған, иә/жоқ), еркін мәтін (шағын мәтін немесе сан енгізу).

11.5 Тыңдаушылардың білімін бақылау тапсырмалары курс компоненттерінің қолданыстағы түрлерін (курс басталғанға дейінгі кезеңде) пайдаланып жүзеге асырылуы тиіс және **Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-02-06** нысанына сәйкес келуі керек. Басқа тапсырмалар түрлерін қолдану курсты жасаушының жаңа компонент түрін жасаған жағдайда рұқсат етіледі.

11.6 Курсты меңгеруге арналған тапсырмалар жиынтығы тыңдаушының уақыт шығындарын және курсқа қолдау көрсету шығындарын азайту критерийі бойынша оңтайлы болуы тиіс. Барлық тапсырмалар жиынтығы жоспарланған оқу нәтижелерінің барлығын тексеруді қамтамасыз етуі тиіс. Тапсырма түрін таңдау бағаланатын оқу нәтижесінің түріне сәйкес келуі қажет.

11.7 Курстың қорытынды бағасының кемінде 50%-ын құрайтын тапсырмалар бойынша адал емес орындаудан қорғау және жауаптар базасын құру мақсатында келесі шарттардың бірі орындалуы тиіс: тапсырма параметрленген болуы керек, яғни әрбір тыңдаушыға бірегей шарттар ұсынылады және бірегей жауап енгізу талап етіледі, немесе тапсырма әрбір тыңдаушыдан (немесе бірге жұмыс істейтін топтан) ашық және бірегей жауапты талап етуі тиіс, бұл ретте жауаптарды тексеру кезінде толық сәйкес жауаптарды анықтау шаралары қабылдануы қажет.

11.8 Курс басталғанға дейін тапсырмалар өкілдік іріктемеде сынақтан өтуі тиіс.

11.9 Тыңдаушылардың онлайн курсты толық меңгеруі үшін арнайы терминдер, қысқартулар, ұғымдар тізімінен тұратын глоссарий ұсыну қажет.

12 ЖАОК-ты ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӘНЕ СҮЙЕМЕЛДЕУ

12.1 Курске тіркелу курстың басталуына 2 апта қалғанда басталып, курстың басталуынан кейін 2 аптадан соң аяқталады.

12.2 Әр бөлімді кезек-кезегімен 2 аптадан артық ашпау ұсынылады.

12.3 «АТУ» АҚ білім беру платформасына ЖАОК орналастыру үшін, ПОҚ **Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-02-01** формасында көрсетілген ақпаратты дайындап, ЦДБ-нің mooc@atu.edu.kz электрондық поштасына жіберуі керек.

12.4 Курсты платформаға орналастырғаннан кейін, курс материалдарын оқуға және тапсырмаларды орындауға уақыт белгіленеді. ЦДБ мамандары тыңдаушылар мен курс авторларына қолжетімділік ашады.

12.5 Курс осы уақытта белсенді болуы керек, яғни жақын уақытта басталуы немесе жаңа басталған болуы керек (1–3 апта). Курстың басталғанына 3 апта болғаннан кейін курсқа тіркелу жабылады.

12.6 Курстың басталуына 2 апта қалғанда, ЦДБ мамандары курс басталатыны туралы ақпараттық хат жіберіп, әлеуметтік желі беттерінде жариялайды.

12.7 ЖАОК іске қосылғаннан кейін, курсты сүйемелдеуді ЦДБ мамандары немесе авторлар (қажет болған жағдайда) жүзеге асырады. Курсты сүйемелдеуге форумдағы сұрақтарға жауап беру, тапсырмалардағы қателерді түзету, тапсырмаларды нақтылау, тыңдаушылардың белсенділігін тұрақты бақылау және т.б. кіреді. Ашық онлайн курстарды сүйемелдеу және мазмұны бойынша әдістемелік ұсыныстар **Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-02-08** формасында берілген.

12.8 Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылардың қалауы бойынша ЖАОК үшін ректордың бекітілген сметасына және экономикалық бөліммен келісілген ұсыныстарына сәйкес, Құзыреттілік орталығы арқылы ақылы негізде сертификат беріледі.

12.9 ЖАОК әзірлеу аяқталғаннан кейін ПОҚ платформаға орналастыру туралы анықтама алу керек, ол **Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-02-09** формасы бойынша беріледі.

12.10 Талдау және жетілдіру

12.10.1 Курстың басталуына және аяқталуына дейін авторлар немесе авторлар ұжымы әрқайсысы 15 сұрақтан аспайтын, курстың мазмұнына және оны ресімдеуге қатысты ұсыныстар мен ескертулерді қамтитын сауалнамалар (анкета) әзірлеуі қажет.

12.10.2 Курстың тапсырмаларын орындау және сауалнамалар нәтижелері бойынша авторлар немесе авторлар ұжымы талдау жүргізеді. Талдау нәтижелері курстың аяқталуынан кейін 2 апта ішінде авторлар немесе авторлар ұжымы ЦДБ-не беріледі.

12.10.3 Курстардың талдау нәтижелері бойынша ЦДБ мамандары ЖАОК әзірлеу, іске қосу және сүйемелдеу бойынша жалпы ұсыныстарды әзірлейді.

12.11 ЖАОК-ты қолдану

12.11.1 Оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру және бақылау, білімді ағымдағы бақылау және қосымша материалдар беру үшін.

12.11.2 Бейресми білім беру аясында оқытуды ұйымдастыру үшін.

12.11.3 Біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу үшін.

13 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

Бөлімше	Өкілеттіктер
Бірінші проректор	<ul style="list-style-type: none">• Осы ереже шеңберіндегі қызметті үйлестіру.
ЖИЦДО директоры	<ul style="list-style-type: none">• Осы Ережені өзекті ету;• Бақылау даналарын тіркеу, мүдделі тараптар мен құрылымдық бөлімшелерді (ҚБ) хабардар ету, СМЖ ЖИЦДО құжатталған ақпараттарын мұрағаттау;• ЖАОК нақты кезеңдерін орындау бойынша қызметті ұйымдастыру

	<p>және үйлестіру;</p> <ul style="list-style-type: none"> • ЖАОК құжатталған ақпаратының бекітілген формаларға сәйкестігін тексеру; • ЖАОК әзірлеу бойынша мүдделі тараптарға кеңес беру; • Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-02-09 формасы бойынша платформаға орналастыру туралы Анықтамаларды ресімдеу.
Факультет декандары	<ul style="list-style-type: none"> • Осы Ереженің тек өзекті нұсқасын қолдану; • Кафедра меңгерушілері мен факультет ПОҚ-ына ЖАОК әзірлеу және іске асыру туралы ақпараттандыруды ұйымдастыру; • ЖАОК әзірлеу мерзімдерін белгілеу және орындалуын бақылау; • Эксперттік комиссияның факультет отырысының хаттамасынан үзінді және ЖАОК-ты «АТУ» АҚ/ Coursera және т. б. білім беру платформасына орналастыруға ұсынылатын құжаттарды уақтылы тапсыру.
